

Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылы тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімінің 2010 жылғы 2 наурыздағы N 31 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 наурызда N 5-8-106 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімінің 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 38 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімінің 2010.04.23 N 38 шешімімен.

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімі
Ш Е Ш Т І :

1. Тұрғылықты мекен-жайы бойынша Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге алуы жүргізілсін және ұйымдастырылсын.

2. Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылы тіркеуді өткізу туралы кесте 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Бородулиха ауданының медициналық бірлестігі» КМҚК директоры (У.М.Эфендиевке, келісім бойынша):

1) медициналық комиссияны білікті маман-дәрігерлермен, орта дәрігерлік қызметкерлермен, қажетті жабдықтармен, құрал-саймандар және дәрі-дәрмектермен жасақтау;

2) әскерге шақырылуға дейінгілерді стационарлық тексеру және емдеу үшін ауданның медициналық мекемелерінде қажетті төсек санының бөлінуін қамтамасыз ету;

3) тіркеуге алу аяқталғаннан кейін әскерге шақырылуға дейінгілерді емдеу

үшін маман-дәрігерлерді тағайындау;

4) 2010 жылы тіркеуге алынатын азаматтарды емдеу және медициналық куәландыруды өткізетін емдеу мекемесінің базасын анықтау ұсынылсын.

4. Ауданның кенттік және ауылдық округтерінің әкімдеріне, білім ұйымдарының басшыларына әскери-есеп үстелінің мамандары мен оқу орындарының әскери басшылары алып баруымен жасөспірімдердің тіркеу комиссиясына уақытында келуі мен күні туралы хабарлауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. «Шығыс Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Бородулиха ауданының ішкі істер бөлімі» ММ бастығы (Д. Б. Ибраевқа, келісім бойынша) медициналық комиссия жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының хабарландыруы бойынша тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақыру учаскесіне жеткізуге көмек көрсету ұсынылсын.

6. Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (С. Д. Сатыбалдиевқа, келісім бойынша), Бородулиха ауданының білім бөлімінің бастығы (Н. Қ. Кукшебаеваға) тіркеуге алу кезеңінде әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеуді жүргізу ұсынылсын.

7. Қаржы-шаруашылық бөлімі бастығының м.а. (Т. К. Құсмановаға) 2 қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған аудан бюджетімен анықталынып бөлінген қаржы шегінде келісімшарт жасау үшін қорғаныс істері жөніндегі бөліммен ұсынылған өтінім негізінде тіркеу, медициналық комиссияның жұмысын, техникалық қызметкерлерге және қызмет көрсететін персоналға еңбекақыны қаржыландыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Р. А. Атаеваға жүктелсін.

9. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Қасымов

Келісілді:

Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы *С. Сатыбалдиев*

Бородулиха ауданының ішкі істер

БАРЛЫҒЫ	209	57	47	59	46	
----------------	------------	-----------	-----------	-----------	-----------	--

Әкім аппараты басшысы

С. Н. Лазурин

Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылы тіркеу комиссиясының жұмыс КЕСТЕСІ

р №	Кенттік және ауылдық округтердің атаулары	барлығы	келу күндері бойынша				
			15.03. 2010 ж.	16.03. 2010 ж.	17.03. 2010 ж.	18.03. 2010 ж.	19.03. 2010 ж.
1	Бородулиха	19	19				
2	Бақы	8	8				
3	Дмитриевка	6	6				
4	Новодворовка	11		11			
5	Переменовка	1				1	
6	Степной	1		1			
7	Подборный	9	9				
8	Белағаш	14	14				
9	Жезкент	45				45	
10	Новопокровка	23		23			
11	Петропавловка	10		10			
12	Зубаир	2		2			
13	Андреевка	1	1				
14	Уба–Форпост	3			3		
15	Новошкульба	26			26		
16	Красный–Яр	5			5		
17	Жерновка	9			9		
18	Ленин	8			8		
19	Таврия	8			8		
Барлығы		209	57	47	59	46	

Әкім аппараты басшысы

С. Н. Лазурин

«Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін

жылы он жеті жасқа толатын
еркек жынысты азаматтарды
2010 жылы тіркеуді өткізу туралы»
2010 ж. 2 наурыздағы № 31

шешіміне 2 қосымша

Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылы тіркеуді ұйымдастыру және өткізуге қажетті техникалық қызметкерлердің есебі

Әскерге шақырылушылардың жеке ісін ресімдеу - 3 адам.
Әскерге шақырылушылармен әңгіме өткізу, жеке бас істерін нақтылау, жеке бас істерін ресімдеу - 30 минут.
Бір күнде 50 адам қабылданады.
8 сағаттық жұмыс күнінде қажетті техникалық қызметкерлер
Барлығы 50 адам x 30 мин: 60 мин. = 25 сағат
25 сағат: 8 сағат = 3 ставка.

Әкім аппараты басшысы

С. Н. Лазурин

Бородулиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылы тіркеуді ұйымдастыру және өткізуге қажетті ақшалай қаражаттың есебі қаңтар айынан сәуір айына дейін

139 ерекшелік бойынша - өзге де тауарларды сатып алу – 170 860 теңге

О н ы ң і ш і н д е :

I. Кеңсе тауарларын сатып алу:

1. Шарикті қаламсаптар 25 дана x 45 теңгеден = 1125
2. Түрлі түсті қаламсаптың жиындығы 2 x 70 теңгеден = 140 теңге
3. Қарандаштар 10+20 = 200 теңге
4. Степлерге арналған тоғындар (үлкен) 3 қорап x 25 теңге = 75 теңге
5. Степлерге арналған тоғындар (кішкентай) 3 қорап x 25 теңге = 75 теңге
6. Сұйық кеңсе желімі 10 дана x 30 теңгеден = 300 теңге
7. ПВА желімі 5 дана x 80 теңгеден = 400 теңге
8. Корректор 5 дана x 80 теңгеден = 400 теңге
9. Ксерокс қағазы 15 қорап x 600 теңгеден = 9000 теңге

10. Факске қағаз 10 дана x 250 теңгеден = 2500 теңге
 11. Алмалы күнтізбелік 3 дана x 180 теңгеден = 540 теңге
 12. Белгілеу қағазы (бокстерде) 5 дана x 180 теңгеден = 900 теңге

Барлық сомасына: 15655 теңге

II. Тіркелу учаскесін жабдықтау үшін өзге де тауарларды сатып алу:

1. Түкті орамал 5 дана x 400 теңгеден = 2000 теңге
 2. Ақ медициналық ақжайма 10 дана x 500 теңгеден = 5000 теңге
 3. Шаңсорғыш 1 x 9000 теңгеден = 9000 теңге

Барлығы сомасына: 16000 теңге

III. Бланкті өнімдерді сатып алу:

1. Шақырылушының жеке ісі 350 дана x 35 теңгеден = 12250 теңге
 2. Тіркеу куәлігі 350 дана x 150 теңгеден = 52500 теңге
 3. Шақырылушыны есепке алу карточкасы 350 дана x 60 теңгеден = 21000

т е н г е

4. Медициналық куәландыру картасы 20 дана x 15 теңгеден = 300 теңге
 5. Шақырылушыны зерделеу парағы 20 дана x 15 теңгеден = 300 теңге
 6. Отбасылық жағдай туралы акт 50 дана x 15 теңгеден = 750 теңге

Барлығы сомасына: 87 100 теңге

IV. Картридждерді толтыру – 5 500 теңге

V. АИ – 80 бензинін сатып алу, 717 литр x 65 теңгеден = 46 605 теңге

Ауылдық округ әкімдерімен ұсынылған өтінім бойынша:

1.	Андреевка	а/о	–	40	литр
2.	Зубаир	а/о	–	40	литр
3.	Новодворовка	а/о	–	20	литр
4.	Белагаш	а/о	–	44	литр
5.	Красный Яр	а/о	–	59	литр
6.	Дмитриевка	а/о	–	20	литр
7.	Жерновка	а/о	–	85	литр
8.	Петропавловка	а/о	–	57	литр
9.	Бақы	а/о	–	30	литр
10.	Таврия	а/о	–	22	литр
11.	Новошутьба	а/о	–	60	литр
12.	Новопокровка	а/о	–	45	литр
13.	Степной	а/о	–	10	литр
14.	Переменовка	а/о	–	50	литр
15.	Уба–Форпост	а/о	–	95	литр
16.	Подборный	а/о	–	40	литр

142 ерекшелік бойынша – байланыс қызметің төлеу – 138000 теңге

О н ы ң і ш і н д е :

1. Құпия почталарды жолдау – 40000 теңге
 2. Қарапайым почталарды жолдау – 40000 теңге
 3. Байланыс қызметінің төлеу 3 ай x 19600 = 58000 теңге
- 143 ерекшелік бойынша – көліктік қызметтерді төлеу – 200 000 теңге**

О н ы ң і ш і н д е :

1. Жарамсыздар бойынша медициналық комиссиядан өту үшін Өскемен қаласына ОЖП шақырылушыларды жеткізу: 70 адам - рейсі үшін 20000 теңгеден
 6 р е й с = 1 2 0 0 0 0 т е ң г е

2. Аудан бойынша медициналық комиссиядан өткізу – 1 рейсі үшін 5000 теңгеден
 2 р е й і с = 1 0 0 0 0 т е ң г е

3. Аудан бойынша мектептерді тексеру – 1 рейсі үшін 5000 теңгеден 10 рейс
 = 5 0 0 0 0 т е ң г е

4. Әскери қызметке жарамды шақырылушыларды алдын-ала медициналық комиссиядан өткізуге жеткізу 1 рейсі – 20000 теңге

Барлығы сомасына: 200000 теңге

149 ерекшелік бойынша – өзге де қызметтер мен жұмыстар – 750166 теңге

О н ы ң і ш і н д е :

3 айға арналған 3 тех. қызметкердің еңбекақысы: 202806 теңге

бір тех.қызметкердің еңбекақысы: айына 22534 теңге

Есептелген еңбекақы - 20633 теңге

Әлеуметтік салық - 987 теңге

Әлеуметтік аударымдар – 823 теңге

Қаржы қызметтер -91 теңге

Тіркеуге 3 айға 3 тех. қызметкер тартылады

3 адам x 22534 теңге x 3 ай = 202806 теңге

2. Тіркеу комиссиясы дәрігерлерінің еңбекақысы – 206610 теңге

Е с е п :

Тіркелуге 250 адам шақыртылады: Дәрігерлермен күніне 50 шақырылушы қарау. 250 адам: 50 адам = (медициналық комиссияны өткізу үшін) 5 күн 8 сағаттан = 40 сағат. Қосымша тексерілуден келген шақырылушылар қабылдауға барлығы 20 сағат жоспарлануда. Медициналық комиссиясын өткізуге барлығы 60 сағат жоспарлануда.

Дәрігерлердің 60 сағаттық қызметінің құны

№	Атаулары	Ставкасы (теңге)	Таңдалған (сағ)	Төлемге барлығы (теңге)
1	Комиссия төрағасы	217	60	13020
2	Жас өспірімдердің терапевт дәрігері	226	60	13560
3	Хирург - дәрігер	238	60	14280
4	Невропатолог - дәрігер	238	60	14280

5	Офтальмолог - дәрігер	238	60	14280
6	Дерматолог - дәрігер	265	60	15900
7	Отоларинголог - дәрігер	238	60	14280
8	Тіс - дәрігер	217	60	13020
9	Психиатр - дәрігер	255	60	15300
10	Рентгенолог - дәрігері	265	60	13250
11	Лаборант – рентген кабинеті	200	60	10000
12	Отоларинголог мейібікесі	179	60	10740
13	Хирург мейірікесі	176	60	10560
14	Фельдшер-лаборант	200	60	12000
15	Нарколог кабинетінің мейірікесі	183	60	10980
16	Неврология кабинетінің мейірікесі	186	60	11160
	Барлығы		60	206610

Бір шақырылушының негізгі анализінің құны 687 теңге x 250 адам - 171750
т е ң г е

Тіркелу учаскесін жабдықтауға -169000 теңге
О н ы ң і ш і н д е :

Дәрігерлерге арналған шкаф дайындау - 3 дана x 25000 теңге = 75000 теңге

Төсек дайындау - 3 дана x 8000 теңге = 24000 теңге

Темір есік дайындап орнату - 70000 теңге

**151 ерекшелік бойынша – іссапарлық шығындар: 14 күн x 2826 теңгеден –
3 9 5 6 4 т е ң г е .**

Ерекшелік дұрыс:

И. Скоробогатова

Келісілді:

С. Сатыбалдиев

Әкім аппараты басшысы

С. Лазурин